

Жобаның атауы, ЖТН	AP19175872 «Қазақстандағы жаңа діни ұйымдардың қызметі: тарихи-дінтанулық зерттеу (Батыс Қазақстан мысалында)»
Іске асыру мерзімі	17.05.2023-31.12.2025
Жобаның жетекшісі	Мустафина Жанар Дуйсембековна, PhD, аға оқытушы
Реферат	<p>Ұсынылып отырған ғылыми-зерттеу жұмысы еліміздің Отан тарихы және дінтанудың өзекті мәселелерін зерделеу, осы бағыттағы білімдерді толықтыру бойынша жасап жатқан іс-шараларына, дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарға және де толеранттылық қағидасын, еліміздің Ата Заңы – Конституцияда жарияланған «дін бостандығы» заңдылығын сақтау шарасына толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет және сол әрбір ұлтқа, оның әрбір өкіліне дін бостандығы берілген. Бұл тұрғыда жақында ғана өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазіргі таңда Қазақстанда 100-ден астам этностың өкілдері жарасымды әрі келісімде өмір сүруде, 18 конфессияның атынан 4000-ға жуық діни бірлестіктер еркін жұмыс істейді» - деп атап өткен еді. Осылардың ішінде біз зерттегелі отырған жаңа діни ұйымдар немесе дәстүрлі емес діни ағымдар да бар. Олардың әрқайсысының Қазақстан территориясында пайда болу және қалыптасу тарихын, діни ілімін, қызметін, қазіргі қазақстандық қоғамдық санадағы алатын орнын зерттеу маңызды.</p> <p>Бұл жоба біз атаған осы олқылықтарды толтыруға арналған. Жобаның хронологиялық ауқымы – XX – XXI ғасырлар аралығын қамтиды. Өйткені, қазіргі Қазақстандағы бұл жаңа діни ұйымдардың бірқатары (мысалы, Евангелшіл христиан-Баптистер, т.б.) ел аумағына өткен ғасырдың басынан бастап пайда болса, басқалары 90-шы жылдардың басынан қызметін жандандырды. Соңғыларын неопротестанттық ұйымдар ретінде қарастырамыз.</p>
Мақсаты	<i>Жобаның мақсаты</i> – түрлі дерек көздері және далалық зерттеулер арқылы Қазақстандағы жаңа діни ұйымдардың қалыптасу тарихын зерттеу, қазіргі қызметіне дінтанулық талдау жасау, олардың діни ілімдері мен тәжірибелерінің ерекшеліктерін, қазіргі қазақстандық қоғамдағы дінаралық қатынастардағы орны мен діни сананың қалыптасуына ықпалын айқындау.
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> - жаңа діни ұйымдардың Қазақстанда пайда болу тарихын, қалыптасу кезеңдерін зерттеу; - жаңа діни ұйымдардың қазіргі қызметін, олардың діни ілімдері мен рәміздері, діни тәжірибелерін зерттеу; қазақстандық діни санадағы алатын орнына баға беру; - жастардың жаңа діни ұйымдар туралы білімі мен түсінігіне әлеуметтік зерттеулер жүргізу және оның қорытындыларын жариялау;

	- зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми басылымдарда жариялау, ғылыми конференцияларда сыннан өткізу.
Зерттеу тобы	<p><i>Жетекші:</i> Мустафина Жанар Дүйсембековна, PhD, аға оқытушы, индекс Хирша h=1 (Author ID в Scopus – 57212251406; ORCID - 0000-0002-2705-8443 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57212251406</p> <p>Мәден Асылбек Төреханұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, индекс Хирша h=1 (Author ID в Scopus – 57212250943; ORCID - 0000-0003-4498-8105 https://www.scopus.com/redirect.uri?url=https://orcid.org/0000-0003-4498-8105</p>
Конференцияларға қатысу	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Заратуштра ілімі және Орталық Азия: рухани-мәдени және тарихи сабақтастық». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Орал қ., 29.09.2023 ж.); 2. «Мәшһүртанудың ғылыми негіздері және қазіргі гуманитарлық ғылымдардың дамуы». Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (Павлодар қ., 17.11.2023 ж.)